

**"Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 13 шілдедегі № 514
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 896 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 желтоқсанда № 17922 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 13 шілдедегі № 514 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17281 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 13 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді аттестаттау қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерге (бұдан әрі – МеӨҚҚ) аттестаттау жүргізу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МеӨҚҚ-тің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында МеӨҚҚ-ны аттестаттау туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 783 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9942 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 783 бұйрық) бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізгі өрт сөндіру автомобильдерінің өртті сөндіруге әзірлігін техникалық байқау актісінің электрондық (сканерленген) көшірмесі;

3) "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасын, сондай-ақ оларды біргені туралы куәліктің үлгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 қаңтардағы № 48 бұйрығының 2-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10382 болып тіркелген) сәйкес нысан

бойынша мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарын аяқтағаны туралы куәліктердің электрондық (сканерленген) көшірмесі.

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, көлік құралдарының бар-жоғы (көрсетілетін қызметті алушы көлік құралының тіркеу нөмірін және көлік құралы куәлігінің тіркеу нөмірін көрсеткен кезде), жұмыскерлерді, өрт сөндіру құтқару техникасын, жабдық пен құрал-жабдықты орналастыруға арналған объектінің бар-жоғы (көрсетілетін қызметті алушы жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірін көрсеткен кезде), жұмыскерлерде жүргізуші куәліктерінің бар-жоғы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыскерлердің жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде), көлік құралдарының міндетті техникалық байқау (көрсетілетін қызметті алушы көлік құралының тіркеу нөмірін көрсеткен кезде), жұмыскерлердің білімі және еңбек қызметі туралы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыскерлердің жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде), сонымен қатар психоневрологиялық және наркологиялық ұйымдардан мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.";

5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құжаттарды қабылдау және оларды қарау нәтижесін беру электронды нысанда жүзеге асырылады.";

6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығы тексеріледі. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты оны ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

2018 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

2018 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 896 бұйрығына

1-қосымша

"Мемлекеттік емес өртке
қарсы қызметтерді

аттестаттау қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі Төтенше
жағдайлар комитетінің
төрағасына

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті аттестаттау туралы өтініш

Сізден қоса беріліп отырған құжаттар тізбесін қарауды және

мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет атауы

өртке қарсы қызмет түрі

ұйымдарда, елді мекендер мен объектілерде өрттің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат беруіңізді сұраймын.

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет орналасқан жері: _____

Меншік тұрғын үй не өзге заңды құқықта көлік құралдарының:
Мемлекеттік нөмірлік белгінің (тіркеу нөмірі) _____
Техникалық паспорт сериясы және нөмірінің бар-жоғы туралы мәлімет

Меншік тұрғын үй не өзге заңды құқығында кезметкерлерді, өрт сөндіру-құтқару техникасын, жабдық пен жарақты орналастыруға арналған объектінің бар-жоғы туралы мәлімет:

Жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі _____
Қызметкерлердің жеке басын сәйкестендіру нөмірлер:

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

_____ күні

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 896 бұйрығына
2-қосымша
"Мемлекеттік емес өртке
қарсы қызметтерді
аттестаттау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар
комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы Аттестат № _____
_____ аттестат нөмірі**

Осы аттестат _____
заңды мекенжайы

_____ мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет атауы

Ұйымдарда, елді мекендер мен объектілерде өрттің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына

_____ берілді

өртке қарсы қызмет түрі

Төраға _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Астана, 20 _____ **жылы** " _____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК